

«Бекітемін»  
Мектеп директоры: С.Маханов

«Келісемін»  
Бейіндік оқу жөліндегі орынбасары: Г.Баймаханова

## Ағылшын тілі пәнінен дарынды оқушылармен жұмыс жоспары

Пәні: ағылшын тілі

Пән мұғалімі: А.Ұлықбек

**Ағылшын тілі пәнінен дарынды оқушылармен жұмыс жоспары**  
**ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ПАПКАСЫ**

**Мазмұны:**

<b>I бөлім.</b> Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында істелетін жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері _____	2-5
<b>II бөлім.</b> Дарынды оқушылармен жұмыс істеу жүйесінің моделі _____	6-7
<b>III бөлім.</b> Дарынды оқушылардың банкі _____	8
<b>IV бөлім.</b> Бағыттары бойынша жұмыс жоспары _____	9-10
<b>V бөлім.</b> Жоспар бойынша тапсырмалар түрлері _____	11-13
<b>VI бөлім.</b> Оқушылардың шығармашылық жұмыстары _____	14
<b>VII бөлім.</b> Дарындылық туралы ой-пікірлер _____	15-16
<b>VIII бөлім.</b> Жетістіктер _____	17

## I бөлім

**Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында істелетін жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері (негіздеме).**

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңының 5-тарауындағы 41-баптың 1-бөліміндегі “педагог қызметкерлер өз біліктілігін арттыруға міндетті” деп көрсетілуі, “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында Елбасының “біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек” деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында “Оқу тәрбиесі үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту” өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Осы мақсатты жүзеге асыруда мектеп басшысы, ұжымдағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісін дамытуға аса мән беру қажет.

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: «Нәтижеге бағдарланған оқыту – білім сапасын арттыру негізі»

Сондықтан, мектеп мұғалімінің сапасын соңғы нәтижеге бағыттау керек. Көздеген мақсатымыздың нәтижесін көреміз, мұғалімнің кәсіби шеберлегін дамытуға қажетті жағдай жасау арқылы білімнің жаңа парадигміне өту тәртібі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру.

Мектеп мұғалімдері шығармашылық жұмыспен айналысуға даяр болуы керек, нәтижеге жетуге ұмтылу қажет.

Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында “Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет” деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік. “Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”.

Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынтамен меңгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз. Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

**Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:**

- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.
- Күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- Өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

- Ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
- Оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;
- Тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;
- Ата-аналармен ынтымақтастық құру;

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

#### **Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар-міндеттер:**

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- оқушы дарындылығының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

#### **Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:**

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “... Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттерді, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану.
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.
6. Сабақта оқушылардың өзіндік мұғалімнің бағыт-бағдар беруі арқылы жаңа сабақты игеруге дайындау.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар: білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр –

білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

## II бөлім

Дарынды оқушылармен жұмыс істеу жүйесінің моделі.

### Жұмыстың бағыттары:

- Диагностика – оқушыны тұлға ретінде байқау
- Дидактикалық талаптарды тиімді пайдалану және жауапкершілікпен жүзеге асыру;
- Қабілеті жоғары және дарынды оқушылармен ағылшын сабағында жұмыс істеу;
- Сабақтан және сыныптан тыс жұмыстар.

### Жұмыстың әдістері:

- Анкета, сұрақтар қою;
- Сауалнама;
- Әңгімелесу;
- Тестілеу;
- Топтық, ұжымдық, жұптық, жеке жұмыстар;
- Әдебиеттерді қарастыру;
- Шығармашылық жұмыстар;
- Жобалау әдісі;
- Алдын-алу әдісі;
- Мәселе шешу әдісі;
- Синквейн.

### Жұмыс түрлері:

- сабақ жүзінде қиындығы жоғары тапсырмаларды пайдалану;
- факультатив;
- үйірме жұмысы;
- уақытша топтарды жасау;
- өз-өзіннің білімін көтеру;
- пән апталықтарын өткізу;
- ғылыми-практикалық конференциялар;
- олимпиадалар;
- интеллектуалдық марафон.

### Бағдарламаның мазмұны

1. Оқушыларды диагностикалау – жалпы дарындылығын бағалау, жұмыс бағыттарына бөлу, дарынды оқушыларды анықтау (III бөлім)
2. Бағыттары бойынша жұмыс жоспарын жасау (IV бөлім)
3. Ағылшын тілі сабағында дарынды оқушылармен жұмыс – жасалған қиындығы жоғары тапсырмалардың кең спектрі, балалармен жұмыс істегенде таңдау жасауға мүмкіндік береді. (V бөлім)
4. Оқушылардың шығармашылық жұмысы – ізденіс, зерттеу, бақылау нәтижесінде жасалған жұмыстары. (VI бөлім)

Жұмыстың негізгі принципі – «байыту» принципі

### Тиімділігінің белгілері:

1. Пәнге деген қызығушылығының жоғары деңгейі.
2. Пән бойынша үлгірмейтін оқушылардың жоқ болуы.

**III бөлім**  
**Дарынды оқушылардың банкі.**

**2022-2023 оқу жылы**

**ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР ТІЗІМІ**

№	Оқушының аты-жөні:	Сыныбы
1	Оралбек Нұрай	7
2	Қуатбек Мерей	8
3	Мештай Айшагүл	9
4	Құнанбай Нағима	10
5	Абилқайыр Ақзере	11

**IV бөлім**

**Бағыттары бойынша жұмыс жоспары.**  
**2022-2023 оқу жылы**

**7-11 сынып оқушыларымен жеке жұмыс**  
**ЖОСПАРЫ**

Ай	Апта	Бағыт
Қыркүйек	1-2	Дарынды оқушыларды байқап, тізімін жасау
	3-4	Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстың мақсат-міндеттерін, бағыттарын анықтау
Қазан	1-2	Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын анықтау
	3-4	Олимпиадаға қойылатын талаптар-міндеттермен, мақсатымен таныстыру
Қараша	1-2	Ағылшын тілінен ережелерді еске түсіру, тапсырмалар орындау
	3-4	Мектепшілік олимпиадаларға қатысу
Желтоқсан	1-2	Аудандық олимпиадаларға қатысу. Халықаралық «Бритиш Бульдог» сайысына қатысу.
	3-4	Қайталау, қатемен жұмыс, іздену.
Қаңтар	1-2	Аудирование арқылы ауызша тапсырмалар.

		Кітапхана, интернет, қосымша ақпарат көздерімен жұмыс
	3-4	Ағылшын тілінен ізденіс жұмыстары Жазбаша тапсырмалар орындау, қатемен жұмыс жасау
Ақпан	1-2	Грамматикалық тапсырмаларды ауызша және жазбаша орындай білу
	3-4	Қосымша әдеби және географиялық кітаптармен жұмыс жасау Сауатты оқи білу
Наурыз	1-2	Тесттер
	3-4	Материалдармен грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, синтаксистік талдаулар жасау
Сәуір	1-2	Білімін жетілдіру, бекіту, қайталау жұмыстары
	3-4	Тесттер
Мамыр	1-2	Тест нәтижелерін көрсету, қайталау, қатемен жұмыс
	3-4	Тесттер

#### V бөлім

#### Жоспар бойынша тапсырмалар түрлері.

Айы	Апта	Тапсырмалардың түрлері
Қазан	1-2	Жеке, жұптық, топтық жұмыс жасау. Ағылшынша сөйлемдер құрау.
	3-4	Рөлдік ойындар Аудару, мазмұнын айту
Қараша	1-2	Диалог жасау. Ауызша өз ойын жеткізу
	3-4	Сұрақтарға жауап беру Сөзжұмбақ құрастыру
Желтоқсан	1-2	Сөйлемдердің шақтарын өзгерту Бос орындарға сәйкес етістікті қою
	3-4	Әңгіме жазу Сөз таптарына талдау

Қаңтар	1-2	Сурет арқылы әңгіме жазу Әңгіменің мазмұнын сурет арқылы жеткізу
	3-4	Автор сөзін өз сөзімен әңгімелеу
Ақпан	1-2	Сөздікпен жұмыс Морфологиялық талдау жасау
	3-4	Сөйлемдердің шақтарын анықтау Фонетикалық талдау жасау
Наурыз	1-2	Жаңа сөздерді жаттау Жаңа сөздерді қолдана отырып сөйлем құрастыру
	3-4	Мазмұнын айту Кестені толтыру
Сәуір	1-2	Мақал-мәтелдер жаттау
	3-4	Ағылшын жазушыларының өмір баянын зерттеу
Мамыр	1-2	Тест жұмыстарын жазу Қайталау
	3-4	Жұмбақтар жаттау Қорытынды әңгіме жазу

## VI бөлім

### Оқушылардың шығармашылық жұмыстары

2022-2023 оқу жылы

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Тақырып	Нәтиже
1	Оралбек Нұрай	7	"Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін қолдану"	жақсы
2	Қуатбек Мерей	8	Ағылшын тілі сабағында оқушылардың сөздік қорын дамыту	жақсы
3	Мештай Айшагүл	9	"Ағылшын тілін ерте жаста оқыту"	жақсы
4	Құнанбай Нағима	10	Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды қолданып, оқушылардың	жақсы

			шығармашылық қабілеттерін дамыту.	
5	Абилқайыр Ақзере	II	Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сойлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану	жақсы

## VII бөлім

### Дарындылық туралы ой-пікірлер

«Дарындылық» — бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі.

Талант – бір әрекетті творчестволықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысып келуі.

Дарынды және талантты балаларды оқытуда мына қағидаларды есте ұстаған дұрыс.

1. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.
2. Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау.
3. Өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру

Жоғарыдағы шарттарды басшылыққа алу Конфуцийдің «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өзім істегенімді меңгеремін» деген ұстанымымен өзара ұштасып жатыр.

Дарын иелерін айқындау, талантты оқушылардың білімін жетілдіру, болашағына бағыт беру – тәуелсіз еліміздің көркеюінің кепілі. Өйткені талантты, дарынды оқушылардың мемлекетімізге қосар үлесі де орасан зор болмақ.

### Ағылшын тілі пәні бойынша дарынды оқушылармен жұмыс жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Present Simple.	1	
2	The weather in England.	1	
3	There is/There are	1	
4	Leisure time	1	
5	Thanksgiving day	1	
6	Past Simple	1	
7	Am/is/are/have/has	1	
8	Seasons	1	
9	Hobbies	1	
10	All verb tenses review	1	
11	Let's talk about superlatives	1	
12	This is my house/ I love my house	1	
13	Future continuous and Perfect	1	
14	Why I like sports	1	
15	The American symbols	1	
16	Simple past a game "A terrible day"	1	
17	Wh- questions	1	

18	Weather	1	
19	Birthdays	1	
20	Prepositions of place	1	
21	Shops and shopping	1	
22	Some/any	1	
23	Mixed tenses	1	
24	Demonstratives	1	
25	Reading comprehensions	1	
26	About friendship	1	
27	Work with dictionary	1	
28	Cities	1	
29	About Santa	1	
30	An Easter story	1	
31	Have/has got and countable and uncountable nouns	1	
		1	
32	Australian animals	1	
33	Cartoon characters	1	
34	Test		

### VIII бөлім Жетістіктер

№	Оқушының аты-жөні:	Деңгей	Нәтиже
1	Оралбек Нұрай	жоғары	жақсы
2	Қуатбек Мерей	жоғары	жақсы
3	Мештай Айшагүл	жоғары	жақсы
4	Құнанбай Нағима	жоғары	жақсы
5	Абилқайыр Ақзере	жоғары	жақсы